

Қазақстан Республикасы мен Жапонияның арасындағы экономикалық ынтымақтастықты жандандыру жөніндегі іс-қимыл жоспарыу бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің өкімі 1997 жылғы 6 мамырдағы N 132

1. Қазақстан Республикасы мен Жапонияның арасындағы экономикалық ынтымақтастықты тереңдету туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1996 жылғы 15 қарашадағы N 1392 Р961392_ қаулысын орындау мақсатында Қазақстан Республикасы мен Жапонияның арасындағы экономикалық ынтымақтастықты жандандыру жөніндегі іс-қимыл жоспары бекітілсін (қоса беріліп отыр).

2. Қазақстан Республикасының министрліктері, мемлекеттік

комитеттері, өзге де орталық атқарушы органдары, ұйымдары Қазақстан Республикасы мен Жапонияның арасындағы экономикалық ынтымақтастықты жандандыру жөніндегі іс-қимыл жоспарында көзделген шараларды орындауды қамтамасыз етсін.

3. Осы өкімнің орындалуына бақылау жасау Қазақстан Республикасының Экономика және сауда министрлігіне жүктелсін.

Премьер-Министр

Қазақстан Республикасы
Премьер-Министрінің
1997 жылғы 6 мамырдағы
N 132 өкімімен
бекітілген

Қазақстан Республикасы мен Жапонияның арасындағы
экономикалық ынтымақтастықты жандандыру
жөніндегі іс-қимыл жоспары

N p/c	Шаралар	Орындалу		Орындалуына	
		мерзімі		жауаптылар	
1	2	3	4		

- 1 Жапония тарапымен Дамытуға 1997 Қаржымині, Қаржыминінің
ресми көмек көрсету Бағдар. жылдың Сырттан қарыз алу жөнін.
ламасы (ОДА) мәселелері ішінде дегі комитеті, Эконом.
жөнінде консультациялар саудамині, Сыртқыісмині
өткізу
- 2 Қазақстанға экспортты кеңей. _" _ Қаржымині, Экономсаудамині
ту үшін Жапонияның Өнеркәсіп
және сыртқы сауда министрлігі
бекіткен сауда сақтандыру
желісін игеру
- 3 Шағын және орташа бизнесті _" _ Экономсаудамині, Инвест.
дамыту үшін аймақтық басым. мемком, облыстардың,
дықтарды айқындау, тікелей Алматы қаласының әкімдері,
инвестицияларды тарту Қазақстан Кәсіпкерлері
жөніндегі жобаларды іріктеу конгресі
- 4 Жапон жағымен ынтымақтастық _" _ Экономсаудамині,
үшін экономиканың басым Инвестмемкомы, Қаржымині.
секторларындағы инвестиция. нің Сырттан қарыз алу
лық жобалардың ақпараттық жөніндегі комитеті,
банкмен мүмкін болатын Қазақстан Кәсіпкерлері
қазақстандық әріптестердің конгресі
тізімін қалыптастыру
- 5 Қазақстанда шағын және 1997 Қазақстан Эксимбанк
орташа бизнесті қолдау және жылдың
дамыту үшін Жапония Эксим. ішінде
банкiнiң екі қадамдық заем
беруі туралы келісімді
жүзеге асыру
- 6 Экономика сауда министрлі. 1997 Экономсаудамині,
гінде Жапониямен экономика. жылдың Қаржымині
лық өзара іс-қимыл жөніндегі мамыры
құрылымдық бөлімше құру
- 7 Жапониядағы Қазақстан Рес. _" _ Сыртқыісмині, Қаржымині

публикасының Елшілігінде
экономикалық ынтымақтастық
жөнінде арнаулы бюро ашу

- 8 Сырттан қарыз алу жөніндегі _" _ Қаржыминінің Сырттан
комитетте Жапония Үкіметімен қарыз алу жөніндегі
және қаржы ұйымдарының тара. комитеті, Қаржымині
пынан дамуға ресми көмегін
қолдау жөніндегі сектор
ұйымдастыру
- 9 Жапон мамандарын белгіленген 1997 Қаржыминінің Сырттан
тәртіппен кеңесші, консуль. жылдың қарыз алу жөніндегі
тант және сарапшы ретінде ішінде комитеті, Сыртқыісмині,
жұмысқа тарту Экономсаудамині,
Инвестмемкомы
- 10 Алматыда Экономикалық ынты. _" _ Экономсаудамині, Сыртқыіс.
мақтастық жөніндегі қазақ. мині, Қаржымині, Қаржы.
стан-жапон және жапон- минінің Сырттан қарыз алу
қазақстан комитеттерінің жөніндегі комитеті,
төртінші бірлескен мәжілісін Инвестмемкомы
өткізу
- 11 Жапон тарапының жәрдемімен, _" _ Экономсаудамині, Қаржы.
оның ішінде Жапонияда минінің Сырттан қарыз алу
стажировкадан өткізу арқылы жөніндегі комитеті,
мемлекеттік қызметкерлерді, Инвестмемкомы, Білім және
аспиранттарды, студенттерді Мәдениетмині, Үкіметтің
және кәсіпкерлерді даярлау жанындағы мемқызметкер.
лерді қайта даярлау және
біліктілігін жетілдіру
институты
- 12 Жапон тарабымен бірлесіп _" _ Экономсаудамині, Инвест.
министрліктердің, мемлекеттік мемкомы, Қаржыминінің
комитеттердің және Қазақстан. Сырттан қарыз алу
ның өзге де орталық атқарушы жөніндегі комитеті

органдары мен іскер топтары
басшыларының қатысуымен
конференциялар мен семинарлар
ұйымдастыру

13 Экономикалық ынтымақтастық жөніндегі қазақстан-жапон және жапон-қазақстан коми. теттерінің жұмысының шеңберінде ақпарат алмасуды ұйымдастыру	__"__ Экономсаудамині, Инвест. мемкомы,Қаржыминінің Сырттан қарыз алу жөніндегі комитеті, Сыртқыісмині
--	--

14 Жапонияның үкіметтік және үкіметтік емес ұйымдарымен, фирмаларымен бірлесіп жүзеге асырылатын жобалар мен шараларды іске асырудың барысында талдауды және Үкімет шешімін қажет ететін мәселелер жөнінде ұсыныстар дайындау	жарты Экономсаудамині, Инвест. жылда мемкомы, Қаржыминінің бір рет Сырттан қарыз алу жөніндегі комитеті, Сыртқыісмині
---	---

15 Экономикалық ынтымақтастықтың шарттық-құқықтық негізін кеңейту, екі жақты келісімдер мен шарттарды қол қоюға дайындау	1997 жылдың ішінде
--	-----------------------

Қос салық салудан қашу және салық төлеуден жалтаруды болдырмау туралы конвенция	__"__ Қаржымині, Қаржыминінің Салық комитеті, Сыртқы. ісмині, Әділетмині
---	--

Қоршаған орта саласындағы ынтымақтастық туралы келісім	__"__ Экобиоресурсмині, Сыртқыісмині, Әділетмині
---	---

Еңбектің өнімділігін арттыру, мамандар даярлау және консал. тингтік қызмет салаларындағы ынтымақтастық туралы келісім	__"__ Еңбек және халықты әлеу. меттік қорғаумині, Экономсаудамині, Сыртқы. ісмині, Әділетмині
--	--

16 Жапонияның үкіметтік ұйымда. 1997 Экономсаудамині, Инвест.
рымен сыртқы сауданы (ДЖЕТРО) жылдың мемкомы, Сыртқыісмині,
дамыту жөніндегі, Қазақстанда ішінде Саудаөнеркәсіп палатасы
және Жапонияда сауда-өнеркәсіп
көрмелерін өткізу мәселелері
бойынша келіссөздер өткізу,
сондай-ақ жапон рыногына
тауар жеткізу мен қызмет
көрсету мақсатында семинарлар
ұйымдастыру